

Д.С. Қожахметов

ӘСКЕРИ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ КУРСАНТТАРДЫҢ МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАУ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі кезде ҚР жоғары әскери оқу орындарында енгізілген жоғары кәсіби білім беру жүйесінде белгілі-бір білім, білік және дағдыларды меңгерумен шектелген емес, сондай-ақ кәсіби іс-әрекет процесінде өзіндік шыңдалуға, өзіндік қалыптасуға көмектесетін ішкі потенциалы бай тұлғаларды дайындау мақсатында құзырлы органдар үшін жоғары дәрежелі мамандарды кәсіби даярлау процесі қайта қарастырылуда. Сол себепті ЖОО-ның бағдарламалары кәсіби оқыту сатысында қажетті білімдерді, іскерліктерді және дағдыларды игерумен қатар өзінің шеберлігі туралы көзқарасты дамытуға және кәсіби іс-әрекетке деген өзіндік дайындықты қалыптастыруға бағытталған. Бір сөзбен айтқанымызда «кәсіби шеберлікті» дамыту мәселесін шешу алдыңғы орында тұрады. Осы тұста «кәсіби шеберлікке» жетудегі «кәсіби даярлық» жайлы тоқтағанды жөн көріп отырмыз. Педагогикалық энциклопедияда «кәсіби даярлыққа» келесідей анықтама береді: «кәсіби дайындық - бұл белгілі бір кәсіпте жетістікке жетуді қамтамасыз ететін арнайы білімдер, іскерліктер және дағдылар, сапалар, еңбек тәжірибесі мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы. Кей әдебиеттерде бұл ойды терең талдай келе «кәсібилену» сөзімен ұштастырады. Тұлға «кәсібиленуі» - бұл белгелі бір мамандықтың функцияларын жүзеге асыру үшін қажет болған арнайы білімдердің, іскерліктің, дағдылардың және қасиеттердің дамуы.

А.В. Турчинов кәсібиленуге келесідей анықтама берді: «Кәсібилену – бұл кәсіптің, мамандықтың, кәсіби мәдениеттің, адамның кәсіби іс-әрекетке ену технологиясын және оның кәсіби шебер ретінде дамуын сипаттайтын, еңбек сипаты және мазмұнындағы сандық өзгерістермен айқындалатын әлеуметтік құбылыс» [1].

«Қазіргі психология» анықтамасын құрастырушылар бойынша кәсібилену – бұл тұлғаның өмірлік жолындағы кәсіби сатысында еңбек белсенділігінің арнайы формасы, оның әлеуметтену процесін және даму деңгейін бейнелеу дейді.

Қазіргі кезде кәсібилену тұлғаның профессионал маман ретінде дамуынан, кәсіп таңдаудан басталып, кәсіби іс-әрекеттің аяқталуына дейін созылатын тұтас үздіксіз процесс ретінде қарастырылады.

Кәсіби даму – ересек адамның жұмысқа енуін және кәсіби іс-әрекеттен қанағаттануын анықтайтын тұлғаның өзіндік дамуының бөлігі болып табылады. Кәсіби дамудың тұлғалық нәтижесі игерілген білімдерге, іскерліктерге және дағдыларға жатпайды. Ол қатынастың өзгеруінен, кәсіби сана-сезімінің дамуынан, «Мен бейнесінің» динамикасынан, кәсіби өзіндік бағалаудан, кәсіби жетістіктер критерінен, кәсіби менталдықтың қалыптасуынан көрінеді (Г.В. Акопов, В.Я. Ляудис, Н.В. Ключева). Л.А. Коростылева мынадай анықтама береді: «профессионал өз жұмысына өз мүмкіндіктерін жүзеге асырудың психологиялық тәсілі ретінде қатынас жасаумен ерекшеленетін тұлға» -дейді [2]. Кәсібиленуге «кәсіби Мен – тұжырымдамасының» қалыптасуы да маңызды рөл атқарады, сәйкестілік тұлғаға әсер ете отырып, оның дамуына стимул болуы немесе кәсіби деформацияға әкелуі де мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осылардың негізінде тұлғаның кәсіпті таңдауына және қызметкер кәсібіне байланысты міндеттерді ынталы орындауына аса

қажетті кәсіби мотивтер жүйесін талдап көрелік. Осы тұста мына ұлы ғұламалардың ойларын еске сала кеткенді жөн көріп отырмыз. Д.Н. Узнадзе мотивті бағыт-бағдар теориясымен байланыстырып қарастырған. Мотивті адамның қажеттілігімен байланыстыра отырып, ол субъект белсенділігінің қайнар көзі дегенді айтады. В.С. Мерлин мотив психологиясын кәсіби даярлауда және оқу іс-әрекетінде оқушылардың мінез-құлығын басқаруға қатысты қарастырады [3]. Ол өз сөзінде: «Тек ақыл-ой әрекетін ғана емес, сонымен бірге білімді меңгеру мотивін басқару қажет. Басқаша айтқанда, адамдардың іс-әрекетін оларда белгілі бір түрткіні туғызғанда ғана басқара аламыз»- дейді.

Төменде осы тұжырымдамаларды негізге ала отырып курсанттардың мамандықты таңдаудағы мотивтерін зерттеуді жөн көрдік. Зерттеу жұмысымызда Р. Аязбекованың «Мамандық таңдау мотивтері» анкетасын қолдандық. Бұл анкетада мотивтерді үш негізгі топтарға топтастырған.

1. *Әлеуметтік мотивтер*, мамандықтың қоғамдағы беделіне, сонымен қатар ата-аналардың, құзырлы органдар қызметкерлері тұлғаларының әсер ету дәрежесіне байланысты;

2. *Танымдық мотивтер*, олар оқу процесінің өзіне, оқу іс-әрекетіне тікелей байланысты болып келеді;

3. *Утилитарлы мотивтер*, әскери жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін жеке бас мәселелерін шешу мүмкіндіктері, өзіндік жақсы өмір сүру мотивтері болып табылады.

Алғашында зерттелушілердің құзырлы органдарының қызметкерлерінің кәсібін таңдау мотивтері қарастырылды. Бұл мотивтерді жоғарыда айтылғандай шартты түрде әлеуметтік, танымдық және утилитарлы мотивтер деп бөліп қарастырдық. Зерттеу нәтижесінен алынған әлеуметтік мотивтер жайлы мағлұмат 1-кестеде ұсынылған.

Кесте 1. Зерттелушілердің оқу іс-әрекеттерінің әлеуметтік мәнді мотивтері (%-бен)

Әлеуметтік мотивтер	Негізгі мотив	Мотивтің мәнсіз рөлі	Мотив ешқандай рөл атқармайды	Маған жауап беру қиын
1	2	3	4	5
Балалық шақтан бері армандаған кәсіпке ие болу	79	15	2	4
Осы кәсіпке деген сүйіспеншілік, қызығушылық, қабілет	71	23	4	2
Отбасылық дәстүрді жалғастыру	17	15	65	4
Әскери жоғары оқу орнының беделі	17	67	13	4
Құзырлы органдардың беделі	40	42	17	2
1	2	3	4	5

Әскери жоғары оқу орнына түсудегі менің кандидатурамды қарастырған жұмыскер тұлғасының әсері	17	29	50	4
--	----	----	----	---

1-кестеден көріп отырғанымыздай, зерттелушілер үшін әскери жоғары оқу орнына оқуға түсудегі негізгі *әлеуметтік мәнді мотивтер* құзырлы органдар жұмыскер кәсібіне деген сүйіспеншілік пен қызығушылық, ол туралы балалық шақтан армандау, сондай-ақ олардың беделі. Мамандық таңдаудағы аса айқын емес түрткілердің ішінде отбасылық дәстүрді жалғастыру (респонденттердің 65 пайызы оны жоққа шығарды) және курсанттың кандидатурасын қарастырған жұмыскер тұлғасының әсері (барлық зерттелушілердің 50 пайызы бұл мотивті мәнсіз ретінде көрсетті) болды. Оқу іс-әрекетінің *танымдық мотивтері* жайлы мәліметтер 2-кестеде берілген.

Кесте 2. Зерттелушілердің оқу іс-әрекетінің танымдық мотивтері (%-бен)

Танымдық мотивтер	Негізгі мотив	Мотивтің мәнсіз рөлі	Мотив ешқандай рөл атқармайды	Маған жауап беру қиын
Әскери мамандыққа байланысты мамандық алу	35	40	23	2
Шет тілдерінен терең білім алу	35	44	19	2
Жан-жақты дайындықтан өту	75	17	6	2

2-кестеден көріп отырғанымыздай зерттелушілердегі танымдық мотивтердің ішінде жан-жақты дайындықтан өту мотиві жетекші болып табылады, себебі әскери жоғары оқу орнына жалпы білімдік және арнайы пәндермен қатар, тереңдетілген тәртіпте заң мен шет тілдері оқытылатындығы мәлім. Зерттелушілердің екі есе аз бөлігі шет тілін терең оқу мүмкіндігін, сонымен қатар әскери бағыттағы кәсіптенуді атап көрсетті. *Утилитарлы мотивтерге* келсек, оның бейнеленуі 3 кестеден аңғаруымызға болады.

Кесте 3. Зерттелушілердің оқу іс-әрекеттерінің утилитарлы мотивтері (%-бен)

Утилитарлы мотивтер	Негізгі мотив	Мотивтің мәнсіз рөлі	Мотив ешқандай рөл атқармайды	Маған жауап беру қиын
1	2	3	4	5
Ата-анамның қалауымен	0	29	71	0
Мемлекеттік бюджеттің есебінен білім алу	13	46	40	2
1	2	3	4	5

Еңбекпен қамтамасыз етілуге кепілдік алу мүмкіндігі	35	50	13	2
Достардың, таныстардың әсері	2	15	83	0
Әскерге бармау үшін оқуға түстім	0	8	90	2

3-кестеден көріп отырғанымыздай утилитарлы мотивтердің зерттелушілердің әскери жоғары оқу орнына оқуға түсу мотивтерінің ішінде айқын көрінбейтіндігін айтуға болады. Мұндай жалғыз мотив еңбекпен қамтамасыз етілуге кепілдік алу мүмкіндігі болып табылады. Ата-аналардың өз балаларының осы оқу орнында білім алғандықтарын қалауы, сонымен қатар әскерден қашу мүмкіндігі секілді мотивтер мүлдем дерлік көрінбейді, бұл білім алушылардың өздерінің дәл осы оқуды таңдаулары саналы түрде болғандығын көрсетеді. Зерттеуіміздің келесі кезегінде кәсіби мотивтердің типтерін анықтадық. Оның нәтижесін 4 кестеден көре аламыз.

Кесте 4. Тренинг жүргізілгенге дейінгі кәсіби мотивация типтерінің орташа мәндері (бүкіл таңдау тобы бойынша)

Кәсіби мотивация типтері			
Еңбектің өзіндік мотиві	Еңбектің әлеуметтік мәнділігі мотиві	Еңбекте өзіндік мойындалу мотиві	Кәсіби шеберлік мотиві
11,3	14,6	13	8,5

4-кестеден көріп отырғанымыздай, зерттелушілер үшін **жетекші** мотив еңбектің әлеуметтік мәнділігі мотиві болып табылады, екінші орында еңбекте өзіндік мойындалу мотиві келеді, үшіншісінде – еңбектің өзіндік мотиві және соңғы кезекте зерттелушілер кәсіби шеберлік мотивтерін басшылыққа алады екен.

Осы айтылғандың негізінде зерттелушілердің мамандық таңдауға жеткілікті шамада саналы және жауапкершілікті қарайтындығы туралы қорытынды жасауымызға болады. Өйткені, мамандық таңдаудың әлеуметтік, танымдық және утилитарлы мотивтерінің айқындықтарын өзара салыстырсақ, онда ең үлкен пайыздың мотивтердің алғашқы екі тобына сай келгендігін көруге болады. Осылайша, зерттелушілер мамандық таңдауда бүтіндей келесі жағдайларды басшылыққа алғандықтарын нақтылауға болады: (а) құзырлы органдар қызметкері мамандығына деген сүйіспеншілік, ол туралы балалық шақтан бергі арман, (б) қоғамдағы құзырлы органдардың беделі, (в) жан-жақты дайындықтан өту мүмкіндігі, (г) еңбекпен қамтамасыз етуге кепілдік алу мүмкіндігі. Отбасылық дәстүрді жалғастыру мүмкіндігі; курсантты оқуға түсуге кандидат ретінде қарастырған қызметкердің тұлғасы; әскери мамандану; әскерге бармау мүмкіндігі, сонымен қатар достардың әсері секілді жағдайлар зерттелушілерге мамандық таңдауда аз әсер еткен.

1. Турчинов А.И. Профессионализация и кадровая политика: Проблема развития теории и практики. – М.: МПСИ, Филинта, 1998. - 272 с.

2. Киселев А.М. Профессиональная подготовка курсантов (слушателей) образовательных учреждений УИС Минюста России и пути ее совершенствования при изучении специальной тактики: Дис. канд. педагог. наук.-Рязань, 2001.- 266 с.

3. Мерлин В.С. Лекции по психологии мотивов человека. – Пермь, 1998. – 421 с.

* * *

В статье проведен анализ основных подходов к определению понятий «профессия», «профессионализация», «профессиональное мастерство». А также представлены результаты экспериментального исследования, в ходе которого были выявлены основные мотивы профессионального выбора курсантами высших военных учебных заведений.

* * *

The results of the research of basic kinds of motivation of students as the reason for their option of military colleges on the base of theoretical analysis are presented.

И.Ә. Абеуова

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ БІЛІМГЕРЛЕРІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ МӘСЕЛЕСІ

Психология ғылымында психологиялық қолдау феномені тек кейінгі кездерде ғана игеріле бастады (А.Г. Асмолов, О.С. Газман, И.Б. Котова, К. Роджерс, Е.Н. Шиянов, т.б.). Психологиялық және әлеуметтік әдебиеттерді талдаудың нәтижесінде қолдаудың бірнеше түрлерін бөліп қарастыруға болады: педагогикалық қолдау, әлеуметтік қолдау, отбасылық, ерлі-зайыптылық. Білім берудің гуманистік парадигмасына сәйкес, ресей зерттеушілерінде қолдау мәселесі – педагогикалық қолдаудың теориясы мен практикасында қарастырылған (Е.В. Абаева, В.П. Бедерханова, О.С. Газман, И.Д. Фруммин, т.б.). Бұл жағдайда педагогикалық қолдау, превентивті және оперативті көмек көрсетуге бағытталған білім беру процесінің іс-әрекеті, деп түсініледі. Оның психологиялық аспектісі, өмірлік өзіндік айқындалуға қатыстырылу, дағдарыстық ситуацияларда таңдау жасауға дайындау, дамуға және өзін “ашуға” кедергі жасайтын субъективті барьерлерді алып тастау, психологиялық денсаулықты нығайту, және де нақты психологиялық зақымдаушы ситуацияларда көмек көрсету (О.С. Газман, И.Б. Котова, Е.Н. Шиянов).

“Қолдау” түсінігі аса кең, жалпы ұғым болып табылады, ол – қолдауды қажет ететін адамдарға көмек көрсетіп, ол үшін бір жағдайларды шешіп немесе түзетуді көрсетеді. Семантикалық түсінікте “қолдау” клиенттің қалауынан туындайды. Оның керегінен шығады. Қандай да бір басталып қойған жұмыс және өмірде бар зат қолдауға ие болады. Әдеби зерттеулер нәтижесінде қолдаудың келесі түрлері көрсетілген:

Қамқорлық түріндегі педагогикалық қолдау (педагогтардың оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына әсері);

Әлеуметтік қолдау (көптеген туыс емес адамдардың қолдауы);

Отбасылық қолдау (отбасы мүшелерінен алынатын қолдау);

Көбінесе ғылыми зерттеулерде психологиялық қолдау әлеуметтік, отбасылық, жұбайлар арасындағы қолдау және педагогикалық қолдаудың қажетті құраушысы ретінде көрінеді. Сонымен психологиялық қолдауға деген қызығушылық арта түсуде. Көптеген дағдарыстар, соның ішінде материалдық және рухани дағдарыстармен қатар, адамның жеке басының дағдарысы да артып келеді. Адамның толыққанды өмірінің проблемасы ерекше орында тұрады. Осылардың бәрі біздің алдымызға тұлғаны психологиялық қолдаудың әдістерін зерттеу жайлы мәселені қояды. Бұл